

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Қызылжар ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 11 маусымдағы № 9 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 маусымда № 4404 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Қызылжар ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 4 қарашадағы № 23 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Қызылжар ауылдық округі әкімінің 04.11.2015 № 23 шешімімен (қабылданған күннен бастап қолданысқа енеді).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабына сәйкес және Ырғыз аудандық аумақтық инспекция басшысы міндетін уақытша атқарушының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 17-02/166 ұсынысының негізінде Ырғыз ауданы Қызылжар ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Қызылжар ауылдық округінің Шеңбертал ауылы Аққұдық мал қыстағында орналасқан "Әзербай" шаруа қожалығында иттің құтыру ауруының анықталуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.

Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қызылжар ауылдық округінің әкімі

Қ. АЙТҚҰЛОВ